**Ынтымақтастық туралы**
**МЕМОРАНДУМ**

Шетпе с. «15» сәуір 2021 ж.

**Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының әкімдігі** (бұдан әрі – Әкімдік), Маңғыстау ауданының әкімі Көшмағанбетов Тілек Жеткізгенұлы тұлғасында,

**«Маңғыстау облысы білім басқармасының "Маңғыстау техникалық колледжі" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорыны** (бұдан әрі – Мекеме), мекеменің басшысы Шанкенова Балжаксы Галимовна тұлғасында,

бірлесіп, «Тараптар» деп аталатындар, ал жеке-жеке жоғарыда көрсетілгендей, төмендегілер туралы өндірістік процестерді тұрақтандыру және қызметкерлердің еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастық туралы осы Меморандумды (бұдан әрі – Меморандум) жасасты:

## I. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘНІ

Осы Меморандумның мақсаты:

шаруашылық жүргізуші субъектілердің қалыпты қызметі үшін экономикалық тәуекелдер туындаған кезде еңбек қатынастары тараптарының мүдделерін барынша есепке алуды қамтамасыз ету;

мекемеде жұмыс орындарын сақтау және қызметкерлердің негізсіз жаппай босатылуын болдырмау.

## II. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ҚАҒИДАТТАРЫ

**2.1.** Тараптар ашықтық, адалдық, өзара ынтымақтастық қағидаттарында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзара іс-қимыл жасайтын болады.

**2.2.** Тараптар өздерінің құқықтары мен өкілеттіктері шегінде өздерінің жауапкершілігін мойындайды және туындаған дауларды өзара келісім мен уағдаластықтар қағидаттарында шешуде ынтымақтасатын болады.

**2.3.** Тараптар осы Меморандумның ережелерін іске асыру мәселелері бойынша Тараптар тағайындайтын уәкілетті өкілдер арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

**2.4.** Тараптар осы Меморандум шеңберінде бірлескен кеңестер, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар өткізе алады.

**2.5.** Тараптар өзара келісім бойынша коммерциялық және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпараттан басқа, өздерінің бірлескен қызметінің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ете алады.

**2.6.** Мекемеде экономикалық көрсеткіштерді төмендету кезінде тәуекелдердің туындауының алдын алу мақсатында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген келісілген шараларды іске асыру арқылы әлеуметтік салдарларды барынша азайту жөнінде шаралар қабылдайды.

## III. ТАРАПТАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

**3.1.** Осы Меморандумда белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін мекеме өзінің ниетін білдіреді:

өндірістік процестерді және жұмыспен қамтуды тұрақтандыру бойынша шаралар қабылдау, кәсіпорындардың тұрақты және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;

босаған қызметкерлердің біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды ескеретін жұмыскерлерді өндірісішілік оқыту жүйесін кәсіподақпен бірлесіп дамыту;

жұмыс көлемі қысқарған кезде толық емес жұмыс уақыты режиміне көшуді қоса алғанда, жұмыс орындарын сақтау жөніндегі барлық мүмкіндіктерді қарау;

экономикалық, өндірістік сипаттағы себептер бойынша жұмыстар уақытша тоқтатылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әлеуметтік қорғау шараларын қолдану;

әлеуметтік әріптестік жөніндегі өңірлік үшжақты комиссияда болжанатын жағдайды және ұсынылатын шараларды қарау.

**3.2.** Осы Меморандумда белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде Әкімдік ниет білдіреді:

Маңғыстау облысының аумағында осы Меморандумды іске асыруға бағытталған үйлестіру жұмыстарын жүргізу;

осы Меморандум шеңберінде іс-шаралар мен инвестициялық жобаларды іске асыру үшін талап етілетін мамандықтар бойынша қызметкерлерді кәсіптік оқытуға және қайта оқытуға жәрдемдесу.

## IV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**4.1.** Осы Меморандум оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

**4.2.** Осы Меморандум қазақ және орыс тілдерінде әрбір тарап үшін 1 (бір) данадан екі теңтүпнұсқалы данада жасалды.

**4.3.** Осы Меморандум азаматтық-құқықтық шарт болып табылмайды, оның ережелерін сақтамау оның Тараптары үшін қандай да бір заңды не қаржылық салдарларға әкеп соқпайды.

Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қолымен жазбаша нысанда ресімделеді және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

**Осыны растау үшін Тараптар осы Меморандумның 2 (екі) түпнұсқа данасына қол қойды:**

| | |
|---|---|
| **Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының әкімдігі атынан** | **«Маңғыстау облысы білім басқармасының "Маңғыстау техникалық колледжі» МҚКК атынан** |
| *Көшмағанбетов Тілек Жеткізгенұлы* | *Шанкенова Балжаксы Галимовна* |
| ______________________ | |